

Қ. Бегалин

Бату хан



ББК 63.3 (5қаз)

Б 13

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Бегалин Қ.

Б 13 Бату хан. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС.
2006. – 96 бет. («Шығыстың ұлылары» топтамасы)

ISBN 9965-26-125-3

«Бату хан» – балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған көркем суретті туынды. Бату – Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы, Дешті Қыпшақ даласын, Ресейдің еуропалық бөлігін, Балтық теңізінің шығыс жағалауын, Польша, Венгрия, Болгария, Кавказ жерлерін қамтыған Алтын Орданың негізін қалаушы. Осы аймақтарда жасалған реформаның арқасында халықтың жалпы санағы жүргізілді, байланыс жүйесі орнатылды, кеден жұмыс жасады, сонымен бірге 150-ге жуық қалалар мен мыңдаған елді мекендер салынды. Алтын Орда халықаралық сауда ісінің дамуында айрықша рөл атқарды.

ББК 63.3 (5 қаз)

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

Б $\frac{0503020905}{00(05)-06}$

ISBN 9965-26-125-3

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006



Бір мың екі жүз сегізінші жылдың күзі. Мамық төсекте шалқасынан жатқан Кочудың ұйқысы келер емес. Киіз үйдің түндігінен жымыңдасқан жұлдыздарға қарап әр түрлі мазасыз ойдың құшағында ояу жатыр. Қазір оның аяғы ауыр, айы күні жетіп отырған шақ. Көңілі алаң, жүрексінетін секілді.

Кочу енді бір сәт түнгі дыбысқа құлақ түрді. Ошақтың қасына жантая кеткен қызметшісі Үлші бір сарынмен пыс-пыс етеді. Үлші ғана емес, бүкіл ауыл төтті ұйқыға батқан. Көрші үйдің бірінен әлдебіреудің қорылы, әріректегі бір үйден жас баланың жылаған даусы құлаққа келеді. Анда-санда желідегі аттардың пысқырынғаны естіліп қалады. Бөтен дыбыс жоқ. Тіпті ауыл иттері де дамыл тапқан. Тек гуілдеген желдің сарыны тынар емес, жалғыз жортқан аш қасқырдай ішін тарта ұлиды. Жас әйелдің тұла бойы тітіркеніп кетті. Көрпесін қымтана түсіп:

– Үлші! – деді.

Өз атын естіген қызметші әйел ұйқылы-ояу:

– Не болды? Әйелдерді шақырайын ба? – деді абдырап.

– Жо-оқ, – деді Кочу даусын созып. Қызметшісінің өзін түсінбегеніне қынжылғандай.

Үлші орнынан тұрып ошақ басына келді. Сөне бастаған қоламтаны* аударыстырып, тамызық салды. От тұтанған соң, бір құшақ қу шырпы тастады. Сәлден кейін алаулаған от сәулесінің әсерінен киіз үйдің іші күндізгідей анық көріне бастады.

Кочу айналасына көз жүгіртті. Мұндағы әрбір зат таныс. Тек дүниеге бүгін-ертең келетін нәрестеге арналған ағаш бесіктің төрден орын алғанына көп болған жоқ. Осы бір сүйкімді, жаңа бұйымға қарап жатқан Кочудың бойында ерекше сезім пайда болды. Оның болашақ иесі өзінің жүрегінің астында екенін ойлап, алақанымен ішін сипады. Сол-ақ екен келіншектің бойын аналық

*Қоламта – жанып біткен оттың шоғы, күлі.





мейірім баурап әкетті. Өзін бақытты сезінген ол одан әрі талмау-сырап, тәтті қиял құшағына ене берді...

Көзі енді ілініп бара жатыр екен, иттердің абалаған даусынан оянды. Басын жастықтан жұлып алып, тың тыңдады. Әлдеқайдан ат тұяғының дүсірі құлағына жеткендей болды. Келіншектің жүрегі де дүрсілдеп өреки жөнелді.

Даланы бастарына көтеріп шабалана үрген иттер аттыларға қарай жүгірді. У-шудан оянған ауыл адамдары да жапа-тармағай тысқа шығып, бір-бірімен абыр-сабыр сөйлесіп жатыр. Осы кезде атты жолаушының да даусы естілді.

– Жошы, жорықтан Жошы келе жатыр!

Қуаныштан асып-сасқан Кочу күйеуінің алдынан шықпақ болып орнынан тұра беріп еді, іші бүріп ала жөнелді. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген келіншек бар даусымен шыңғырып жіберді. Абдыраған Үлші далаға атып шықты. Кешікпей ол бірнеше кексе әйелді ертіп қайтып келді. Олар Үлші секілді емес, байсалды. Қимылдары да сабырлы. Әйелдер келе сала толғақ қысқан келіншекті қаумалап, аспай-саспай өз істеріне кірісіп кетті...

Көрші үйде қабаттап салынған қалың киіздің үстінде малдас құрып Жошы отыр. Ол Кочудың даусын естігісі келіп құлақ түрді. Бірақ жұрттың әңгімесі ештеңе естіртпеді. Себебі киіз үйдің екі жағын ала жағалай өңкей ақсүйектер жайғасқан еді. Бағанадан ауыздары бір тынбай отырған олар Үлші кіріп келгенде, сөздерін доғарып аңтарыла қалды.

– Тақсыр, атұстарың* келді дүниеге, бауы берік болсын!

Үлші осыны айтты да, бұрылып шығып кетті.

Жошының жүзі жайнап сала берді. Бір сәтке тына қалған үй іші қайтадан кеу-кеуге басты. Егде тартқан бір ноян қозғалып қойып:


– Қуанышың құтты болсын, Жошы ханзада! – деді.

– Қуаныш ортақ қой, Елші ноян! Сәбиді дүниеге әкелген сенің қызың емес пе? Жиеніңнің өмір жасы ұзақ болғай!

Жорықта жүріп үйдің дәмін сағынып келгендер мынадай қуаныштың үстінде алдарына келген асқа ерекше төбетпен қарады. Түгесе жеп, сарқа ішті. Көңілді қонақасыдан соң Жошы халықты сәбидің шілдеhana тойына шақыратынын хабарлады.

«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген емес пе, хан әулетінің тойына ел тайлы-таяғы қалмай ағылды.

*Атұстар – ер бала, ұл.





Кішкентай Орда-Еженді жетектеп Жошының бәйбішесі Сартақ-қатын* да жетті. Ес біліп қалған Орда-Ежен анасының шапанының етегінен ұстап алған. Жаңа туған інісін көргісі келіп, мойнын созып қояды.

Міне, халықтың күткені, тойдың мәртебелі қонағы – Шыңғыс хан немересін көруге үзеңгілес жолдастарымен өзі келе жатыр. Ұлы хан атынан түсіп, тізгінін нөкеріне ұстатты. Кочу сәбиін көтеріп атасының алдынан шықты. Тізерлеп отыра қалып, тағзым етіп, баланы Ұлы ханға ұсынды.

– Кочу-қатын, сен біздің әулетке қуаныш әкелдің, бірақ қуаныштың зоры мына бала әулетіміздің даңқын асырып, атақты хан атанғанда болмақ!

Жошының артында тұрған Елші ноян масайраған жұрттың гу-гуінен даусын асыра:

– Немереңе ат қой! – деді айғайлап.

Қаумалаған көпшілік те бір ауыздан іліп әкетті:

– Иә, иә, нәрестенің есімін ұлы атасы атасын!

Шыңғыс хан оң қолын жоғары көтерді, у-шу сап тыйылды.

– Баланың есімі – Бату!**

– Бату, Бату!

Бұл күн бүкіл елдің жадында мықтап сақталды. Нәрестенің өз есімі аталғанда шалықтап күлгенін, мұны көрген Шыңғыс хан немересін қолына алып, басына асыра көтергенін жұртшылық көпке дейін жыр қып айтып жүрді. Ырымшыл халық Бату ұлы атасынан да асып түсуге тиіс деп жорыды.

Үш күн, үш түнге жалғасқан той тарқап, күнделікті күйбің тірлік те басталды. Көшпенді елдің бар тірлігі мал, малдың жайымен ел көшіп-қонып жүріп жатты.

Әдетте, көшпенділер жыл сайын көктем туа, жаңа жылды қарсы алуға қырға шығатын. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін түгел жиылып, өздерінше бір мәре-сәре болып қалатын. Бұл – халықтың асыға күтетін мерекесінің бірі, күн менен түннің теңесетін шағы. Мал сойылып, қазан асылатын, ән шырқалып, күй тартылатын. Мереке, әсіресе, балуандар сайысымен, ат бәйгесімен жандана түсетін.

Көктемнің мерекелі күндері тым ұзаққа созылмайтын. Жаз басталар-басталмастан күн ысып, қырдың көгі тез қурайды. Қырдың сәні кетісімен, көшпенділер тау етегіне қоныс аударатын.

*Қатын – ақсүйек, ханзадалардың анасын құрметпен осылай атаған.

**Бату – қатты, берік дегенді білдіреді.




Сайдың көк майса шалғыны жаздай басылмайды. Жылдың ең ұзақ күнін көшпенділер осы жайлауда тойлайды. Күз түсісімен, олар қайта қырға оралады. Сөйтіп қыс бойы Онон, Керулен, Толы өзендерінің жағасын қыстап шығатын. Көктем шыға осы тірлік қайта басталатын.

Бұл ғасырлар бойы ұлы даланы мекен еткен көшпенді халықтың бұлжымайтын тұрмыс заңдылығы еді.

Күнді күндер қуалап, айды айлар, жылды жылдар басып, уақыт жылжып өте берді. Бала Бату көшпенді өмірге әбден үйренді. Арба шайқаған ұзақ жол, шұрқыраған малдың шуы, малшылардың айғай-сүрені – бәрі ол үшін үйреншікті нәрсеге айналды.

Ауыл ол кезде тыныш еді. Ұлы ханның немересі уайым, қайғы көрмей өсіп келе жатты.







Шыңғыс хан бұл кезде атақты Алтанхан* әмірлігіндегі Цин империясымен соғысып жатқан болатын. Соғысқа аттанарда Жошы Батуға «Сен атқа отыратын күнге жеткен кезде ораламын» деп уәде берген. Атқа мінуді тез үйренсем, әкем үйге тезірек қайтады деген оймен Бату бұл өнерді бар ықыласымен меңгерді. Міне, әкесінің үйге оралар мезгілі де жетті.

Бір мың екі жүз он алтыншы жылдың көктемі. Қырдың мың сан гүлі жайнап, даланың құлпырып тұрған уағы. Бату мен ағасы Орда-Ежен әкелерінің алдынан шықпақ болып атқа мінді. Екеуі желе-жортып алдағы биік шоқылардың біріне қарай жүрді. Қалың жусан басқан төбешікке шыққанда, шұбатылып келе жатқан әскер бірден көзге түсті. Мыңдаған ат тұяғынан көтерілген шаң будақтап, аспан мен жердің арасын тұтастырып жібергендей. Оған қызарып батып бара жатқан күн сәулесімен жалқынданған көкжиектің суреті қосылғанда, жалпақ дала өрт құшағына оранғандай көрінеді.

Әскердің ең алдында есік пен төрдей торы айғыр мінген Жошы. Ол екі салт аттыны анадайдан таныды.

– Бәлі, мына екі батыр менің ұлдарым ғой!

Жошы екі ұлымен қалың қолдан оқшаулана берді. Жердің көгі мол. Түкті кілемде келе жатқандай астарындағы аттарының тұяқ дыбысы да естілмейді. Жошының бір байқағаны, Бату ат үстінде бойын тік ұстауға тырысады екен. Баласының бұл қылығына әкесінің көңілі кәдімгідей марқайып қалды.

Кенет алдарындағы төбеден бері асып құйғытып бір үйірдей құлан шыға келді. Қарсы келе жатқан қалың тобырды байқап қалып, бір бүйірлеп жалт берді. Жошы дереу садағы мен жебесіне қол салды. Көзді ашып-жұмғанша екі құланды атып түсірді. Екі баланың таңданысында шек жоқ.

Сәлден соң төбе астынан төрт салт атты көрінді. Жануарлар солардан қашқан екен. Әлгілердің үшеуі құландарды қуып кетті де, біреуі бұларға қарай бұрылды.

– Атқаның мүлт кетпейтін нағыз мерген екенсің, Жошы ханзада!

– Амансың ба, Сүбедей баһадүр! Бүгін өзі ерекше күн. Жеңісті жорықтан келе жатқан едім, ұлдарым қарсы алды. Үйге соқ, өзімізше бір тойлайық.

– Айтсаң болды, қонаққа барудан біз қашпаймыз.

*Алтанхан – Цин империясы әміршілерін моңғолдар осылай атаған.







Жалпақ елге аты аңыз боп тараған Сүбедей баһадүрді Бату ең алғаш осылай кездестірді. Жұрт аузындағы әңгімеге қарап Сүбедейді қалың қолға жалғыз шабар ертегінің алыбындай көретін. Ал мына көз алдындағы Сүбедейдің бойында елден ерек ештеңе жоқ. Батудың басына «Егер өзі кәдімгі адам болса, онда сауыт-сайманы, қару-жарағының таңғажайып сиқырлы күші болғаны ғой» деген ой келді.

Кеш түсе ауылға Сүбедей де ат басын тіреді. Күндізгі атып алған құлан етінен пісірілген қуырдақты мақтай отырып, көп нәрсені сөз етті. Көңілді әңгімелер айтты. Ас ішіп болған соң, Цин империясына жасалған жорық жайлы әңгіме шертті. Балалардың көздері – Сүбедей баһадүрдің сауыты мен қаруларында, құлақтары – әңгімеде. Ұзақ сұқбаттан Батудың ұққаны, бұлар бас-аяғы алты айдың ішінде тоқсан қаланы бағындырып, Хуанхэ өзеніне дейін жетіпті.

Сүбедей баһадүр қайтарында жол дорбасындағы заттарды екі баланың алдына жайып салып, «қалағандарыңды алыңдар» деді. Орда-Ежен әдемі тұңғыс қанжарын, ал Бату жылан бауыр етіп өрілген татар қамшысын таңдады.

– Мына қамшы да сиқырлы шығар?

– Әрине, сиқырлы!

Екі бала сыр бермегенмен, іштей ерекше қуанышты еді. Қуанбағанда ше, атақты баһадүрдің өзі бұлардың үйінде қонақта болды. Осындай батырлардың арқасы емес пе, ауылдарының бейбіт өмір сүріп жатқаны.

Дегенмен жаулары да қарап жатпапты. Алтайда меркіттер мен наймандар қол жиып жатқан көрінеді. Шыңғыс хан оларға қарсы Жошы мен Сүбедейді аттандырды. Олар жауды жеңіп, тез оралды. Бірақ тыныш өмір ұзаққа созылмады. Мұхаммед хорезмшахпен арада жанжал шықты. Мұхаммед шах осал жау емес екен. Онымен соғысқа бүкіл әскер аттанды. Ел шекарасы қариялар мен бозбалалардың қарауына қалды.

Кешікпей жаушылар қуанышты хабарлар әкеле бастады. Ауылдағы әйел, балалар үшін бұл көңілге медеу болатын. Отырар, Сығанақ, Хорезм секілді үлкен қалалармен бірге, сартауылдардың* астанасы Самарқанд беріліпті. Әрине, бұл жеңістер оңайлықпен келген жоқ. Тіпті жеңіліс тапқан кездер де болды. Мұхаммед хорезмшахтың ұлы Жалал-ад-Дин Ауғанстанда

*Сартауыл – Мұхаммед хорезмшахтың қол астындағыларды моңғолдар осылай атаған.







қол жиып, Шыңғыс ханның бір түменіне күйрете соққы берді. Еділ бұлғарлары да жан аямай қарсылық көрсетті. Солармен болған ұрыста атақты Жебе ноян мерт болып, Сүбедей баһадүр өлімші боп жараланды.

Ел ішіне суық хабарлар да жетіп тұрды. Соғыс созылған сайын ауыл-ауылдағы азалы үйлер көбейе түсті. Төбе құйқаны шымырлатар зарлы жоқтау, жетім-жесірлердің қайғы-мұңы бала Батуға ауыр тиетін. Әсіресе, қаралы хабар келген кезде Бату ауылда байыз тауып тұра алмайтын. Ауылдастарының жан күйзелісіне шыдамай, атқа мініп дала кезіп кететінді шығарды.

Жаздың шыжыған ыстық күні. Нағыз ми қайнатар аптап. Күнге күйген сары даланың қай жағына қарасаң да, бұлдыраған сағым. Далада жортқан аң да кезікпейді. Тек анда-санда шырқау көктен құлаш қанат дала бүркіті мен ін аузында басын қылтитып, сәл нәрседен сезіктенсе жып етіп кіріп кетуге әзір саршұнақтар ғана жолығады.

Жылдың бұл мезгілінде шөбі қуаң тартып, сидіған селеуі ғана көзге түсетін маң дала тым жұтаң әрі қатал көрінетін. Жал-жал құмдауыт бұйра төбелердің шегі жоқтай. Әр жерден шоқ-шоқ болып өскен сексеуіл ұшырасады. Көз тоқтатар басқа ештеңе жоқ. Дала осы жалаңаш шексіздігімен айбарлы, тіпті айбынды. Көкжиекпен астасып жатқан ұлы даланы бала Бату мұхитқа ұқсататын. Халқының ата қонысы – туған жерінің қадір-қасиетін ұғынып, шын түсіне бастаған шағы да осы кез. Мына даланы мекен еткен адамның, осында өсіп-жетілген тұтас халықтың қайсар, шымыр, қатал әрі сабырлы болмауы мүмкін емес. Ал мұндай халықты ең табанды, қайсар жан ғана басқара алмақ. Егер хан болғың келсе, онда да атыңа сай Бату хан болам десең, табанды, қайсар болуға тиіссің. Азалы ауылдан қашқандай болып шыққан бала Батудың бүгінгі түйгені осы. Ол осы оймен ат басын кері бұрды.

Ауыл қонған шағын тоғай сонадайдан қарауытып көзге түседі. Су бойына жақын бұл маңның шөп, құрайы, бұта, жыңғылы өзгеше. Жасыл желегі молырақ. Міне, ауыл үйлері де анық көріне бастады. Ауыл шетіне таяғанда байқаса, бұлардың үйінің алдында қарақұрым халық шоғырланып қалыпты. Жиылған жұрт Батуды азан-қазан жылап қарсы алды. Көптің арасынан бір шабарман бөлініп шығып:





– Елші ноян қан майданда, ұрыс алаңында ерлікпен мерт болды, – деп естіртті.

Бату барынша тістеніп, жыламауға тырысты. Бір сәтте нағашысын ой елегінен өткізді: өзін алғаш атқа көтеріп мінгізгені, ат үстінде қалай отыруды, садақ атуды, қылыш сілтеуді үйреткені көз алдынан өте берді.

Жан-жақтан көңіл айтып келушілер көпке дейін тыйылмады. Кочу-қатын мен Батуға әркім өзінше басу айтып жатты. Мынадай ауыр күнде сырт айналмай, қайғысын бөлісіп жатқандарға Бату іштей риза еді. Расында, бұл көңілге үлкен демеу екенін ұқты. Ал өзі ше? Басқалардың басына қайғы түскенде ауылдан безгені қалай? Ін аузында қылтиып, сәл қатерден жып беретін саршұнақтан айырмам болмағаны ма? Бұған дейін осыны ойламағанына өкінді. Енді бұлай етпеске өз-өзіне серт етті.

Соғыс бітті. Бірақ қаралы хабар бір үзілген емес. Келе-келе Бату қандай хабарды да бойын бекем ұстап тыңдауға әдеттенді. Қаза шыққан үймен бірге ол да аза тұтып, қайғыларына ортақтасатын болды. Бұл Батудың туған халқының жан-дүниесін түсінуінің басы еді.

Батуға әділдік іздеп, көмек сұрап келушілер де көп болатын. Бату ешқайсысына жоқ демейтін және не нәрсені де әділ шешуге тырысатын. Соғыста қаза тапқан жауынгерлер мен көп балалы отбасыларына қол ұшын беруге ұмтылатын. Осынысы үшін халық оны ерекше құрметтейтін. Жас күнінде-ақ Сайын хан атанғаны да содан еді.

Бұл күнде Жошы Дешті Қыпшақ өлкесінің шығыс аймағын өзіне қаратып үлгерген-ді. Осы жерде оны ақ киізге көтеріп хан сайлады. Жошы өз ордасын Арал теңізінің теріскейіне орналастырды. Міне, Бату да бүкіл ауылымен сонда көшіп келе жатыр.

Жолоңай болған жоқ. Алтайдан асып, Ертістен өтті. Жүздеген күймелі арба, отар-отар қой мен үйір-үйір жылқы Қыпшақ даласын басып қаптап келеді. Осының бәріне Батудың өзі бас-көз болып жүр.





Күйменің божысын* тартып отырған Үлші Батуға қарап:
– Азамат болды деген осы! – деп таңдана басын шайқады.
– Әкесі танымай қалатын шығар, – деді Кочу-қатын күлімсірей. Өңінен мақтаныш сезімі байқалады.

Айтқанындай-ақ, Жошы жастығына қарамай ерте есейген, мығым денелі ұлын ө дегенде танымай қала жаздады. Сарыарқаның жел, күнімен өңі қоңырқай тартқан, жауырыны қақпақтай Бату сырт қарағанда ысылған жауынгер секілді. Астында ауыздығымен алысқан атандай құла айғыр.

Жошы ат басын тартып тұра қалып, ұлына таңырқай қарады.

– Сен өзің жігіт болып қалыпсың-ау!
– Тәңірге мың алғыс! Сізді сау-саламат көргеніме қуаныштымын, әке.

– Мен де қуаныштымын. Азамат болды дегенді естіп, әдейі шақырттым. Жарайсың, уақытыңды бос өткізбегенің көрініп тұр. Енді маған мына ұлысты басқаруға көмектесесің.

Осыны айтып әкесі Батуға қарап ойланып қалды. «Мына балаға не шаруа тапсыруға болады?» деп тұрғандай. Сонан соң атын тебініп қалып, ордасына қарай жүрді. Бату соңынан ілесті. Оңаша шыққанда, әкесі әлгінде үзілген әңгімесін қайта жалғады.

– Мұнда ауылдағыдай жайбарақат тірлік жоқ. Теріскейде бұлғарлар, күнгейде оғыздар аңдып отыр. Мына байтақ қыпшақ даласының тек шығыс аймағын ғана қараттым. Батыс жағы әлі бағынған жоқ. Батыс қыпшақтардың көпшілігі Жайықтан әрі өтіп кетті. Біразы Үстіртте. Мұнда қалғандарының өзі кек алудың сәтін күтіп жүрген сыңайлы.

– Иә, қанша дегенмен жақындарынан айырылды ғой, оларды түсінуге болатын шығар.

– Дұрыс айтасың, майданда қаншама есіл ер мерт болды. Уақыт өтіп, арттарында қалған жетімектер ержетіп келеді. Қазірдің өзінде солар түнемелік жылқы ұрлап, күндіз жол торып елдің мазасын алуда.

Әкесінің айтқандарына көп кешікпей Батудың көзі жетті. Әсіресе, жылқы ұрлап, айдап әкететіндер бой берер емес. Ұйымдасқан қарақшылар ұлыстың біресе ана жағынан, біресе мына жағынан шығып әбден мезі қылды.

*Божы – арбаға, шанаға жегілген атқа бағдар беріп жүргізіп отыратын делбе.







Бірде қасқырдай жалаңдаған осы қарақшылардың біреуі қолға түсті. Ұрыны әшкерелеп хан ордасының алдына үлкен діңгекке байлап қойды. Соны көрмек болып біраз жұрт жиылды.

Ұры жас болғанымен, өңінен өмірдің талай ауыртпалығының табы байқалатындай. Әрі бет-аузы, қас-қабағы жарадан көрінбейді, көкпеңбек. Жалт-жұлт етіп от шашқан жанарында қайсарлықтың белгісі бар. Қысқалау сарғыш шашының әр жеріне қан қатыпты. Жейдесі жыртылған, үстінде басқа ештеңе жоқ. Тері шалбары мен былғары етігі ғана дін аман.

Анталаған көпшіліктің ішінен бірлі-жарым әйелдер шығып ұрысып, біреулері балағаттап жатыр. Бетіне түкіріп, қолына түскен бірдеңелерді лақтырып, ұрмақ болғандар да бар. Бір-екі шал-шауқан оларға тыйым салып та жатты.

Байлаулы жігітке бірдеңе айтпақ болып жақын барған бір кейуана оның түріне қарап іркіліп қалды. Жігіттің бет-аузына үңіле түсіп айғайлап жіберді.

– Әй, мынау алшы-татар* Ит-Қараның өзі ғой! Ә, қолға түскен екенсің де, оңбаған!

Әйелдің сөзін естіп, хан ордасынан дүңкиген Жолшы шықты. Теңселе басып ұрының жанына барды. Діңгектен босатып, ақ ордаға қарай алып жүрді. Ұры қарсылық көрсеткен жоқ. Шыққан тегінің осал еместігін көрсеткісі келгендей, бойын тік ұстап, аяғын төкаппар басып ере берді.

Киіз үйдің төрінде малдас құрып, қабағы тұнжырап Жошы отыр. Екі жағына керегені жағалай нояндар, белді рубасылар жайғасқан. Олар алдарына әкелінген екі қолы артына қайыра байланған тұтқынға дұрыстап назар да салған жоқ. «Ұры, қарақшы қандай болады екен?» дегендей барлай қараған Бату ғана.

Екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей Жолшы тұтқын жігітті арқасынан қамшысымен нұқып, әмірлі дауыспен:

– Айт! – деді.

– Несін айтам? Кемпірдің танығаны өтірік.

– Өтірік? – Сөзге жүзбасы Бұрұндай араласты. – Сенің руыңның қонысын айтпасаң да білеміз. Біздің сарбаздардың қылышының қайраулы екенін ұмытайын деген екенсіңдер. Жошы хан, рұқсат ет, қазір барып шауып келейін.

Жошы оған алара қарап, шолақ қайырды:

*Алшы – көшпелі тайпа, оларды моңғолдар алшы-татар деп атаған.





– Жетер!

Жүзбасы мойнын ішіне тығып, үндемей қалды.

– Сен расымен-ақ, ауылыңды тағы да соғыс өрті шарпып, туған-туысыңның жазықсыз қаны төгілгенін тілейсің бе?

Мұны айтқан көпті көрген қарт ноян Элжидай болатын. Ол тұтқынға қадала қарап сөйледі. Тұтқын болса, көзін ала қашып, құнжыңдап біраз отырған соң, бойын тіктеді.

– Әкей, сөздерің мірдің оғындай, жанды жеріме тиіп-ақ тұр. Рас, біздің халық соғыс зардабын тартудай-ақ тартты. Жаужүрек сарбаздар қан майданда ажал құшты. Бірақ арттарында біз құсаған ұлдары қалды...

Мына сөздің тұсына келгенде, Бұрұндай өз тізесін бір түйіп, жігітке тістене жалт етті. Тұтқын оған тұра ұмтылмақ болғанымен, Жолшы ұстап жібермеді. Оқты көзін қадап, жұлқынғаннан басқа істер амалы жоқ еді.

Жошының берген белгісімен Жолшы жігітті қоя берді.

– Сөйлей бер! – деді хан әмірлі үнмен.

Ол енді ханға бұрылды.

– Біздің ауылда еркек қалған жоқ, құр сүлдерін сүйреткен әйелдер ғана. Кемпір-шал, бала-шаға аш. – Жігіт бойын тіктеп, кеудесін керді. – Мен де жетіммін, атым – Ит-Қара, руым – алшы-татар!

Тұтқын хан алдына тізерлеп отыра қалды да, ызалы дауыспен қырылдай:

– Кез келген сарбазыңмен жекпе-жекте өлейін, мұрсат бер! Еткен жақсылығың болсын, Жошы хан! – деді.

– Өлгің келеді екен ғой, күшік... – Жошы сөзінің соңын айтпай жұтып қойды.

Осы сәтте даладан мұңды әуен естілді. Нәзік әйел даусы домбыраға қосылып көне бір әнді шырқайды. Жошы құлағын тіге қалды. Қолын көтеріп, «Тынышталыңдар!» деп белгі берді.

«Халқым менің бақытты еді, бай еді. Адам деген ұмытшақ қой, әй, енді. Естен шығып жер бетінде болатыны қасірет шатшадыман күн кешті. Масайраған бұл тірлігі халықтың Көк Тәңірінің қолайына жақпады. Қасірет сап ойсыз басқа бақыт құнын сездірмекке бел буды. Міне, осылай кең далада соғыс оты лаулады. Соғыс деген қара түнек күндіз күннің, түнде айдың қалқалады нұр жүзін. Мұндай бәле көрмеген жұрт зар жылады»





күндіз-түн. Азалы үнді бір тынбаған Ұмай Ана естімесе, дүр сілкініп үркітпесе қара түнек соғысты, не боларын кім білсін?! Кең далаға қанат жайған сұм соғыс бір-ақ сәтте тынған соң, түнек тарап күннің көзі шыққан соң, мәлім болды, кең далада аяқ басар жер қалмапты өліктен. Аққан қаннан өзен, көлдің суы тасып жайылыпты маңайға. Қан сасыған қан майданның орнында той тойлап жүр екі албасты масайрап. Қасіретті той көретін, қайғы-мұңға шаттанатын албастыға болушы ма еді бұдан өткен мереке. Қос албасты кенет осы өлік жапқан маң далада келе жатқан әйелді көрді теңселіп. Издегенге сұрағандай шыға келген бейбақ жанды етпек болды келеке.

Осы ойменен жетіп келген албастылар сұрақ қойды төтеден: «Не іздеп жүрсің бұл жерден?» Қайғы, шерден өңі солған бейшара әйел жауап берді үмітпен: «Тапқым келеді үш жауынгер денесін. Ең үлкені жан жарым еді кешегі, ортаншысы – тете туған бауырым, ал кішісі – жалғыз ұлым жарып шыққан өзекті».

Мұны естіген албастылар жайраң қағып, шаттанып, көміледі күлкіге жас шыққанша көзінен. Байғұс әйел қан жұтқан түсінбеді мән-жайды. Таңданысы ерек еді, білмек болды тезінен. Неге күлдің, себеп қайсы шаттануға соншама? Мына сауал тосын болды, күтпеп еді екеуі. Жер бетінде бұдан өзге қуанамыз не жайға?

Жан көрмеген қайғы шөкті ұлы дала төсіне. Тәңірі де шыдамады, күрсініп салды тереңнен. Бұл күрсініс жел көтеріп, желмен ұшқан топыраққа сансыз өлік қала берді көміліп. Көк Тәңірі ағытып еді көз жасын, қанмен толған өзен, көлдер шыға келді тазарып.

Мына әйелді қуантпақ боп Тәңірі бір тілегін орындауға сөз берді. Тәңірінің назарына іліккен соң, үмітпен жасын тыйды байғұс әйел, қуат бітіп бойына. Сұм соғыстың кесірінен жайрап қалған үш кісімді таппай жүрмін еш жерден. Мүмкін болып қауыша алсам солармен, басқа тілек болмақ емес ешқашан. «Босатылсын жақындары тезірек!» Осы болды Тәңірінің пәрмені.

Тас түнектің қожайыны келіспеді мұнымен, айлалы әйел алдап тұр деп Тәңірін. «Тілек – біреу, үшеу емес, енді ойланып көр өзің, қалай берем бір тілекке үш жанды. Үшеу емес, бір тілекке бір-ақ жанды қайтарам. Үшеуінен таңда жалғыз біреуін».

Әйел айтты: «Еңкіш тартқан егде емеспін, әлі менің жар құшуға, бала сүйіп қалжа жеуге шамам бар. Ал бауырды маған





тапқан әке-шешем кемпір, шал ғой қаусаған. Бала сүюді енді оларға жазбаған. Сондықтан да қайтар маған інімді».

Тәңірінің бұйрығымен інісінің мәйітіне жан бітіп, бір тілегі орындалды әйелдің. Бірақ мына сұм жалғанда шек болған ба жауыздыққа?! Терісінен күйеуінің торсық, ұлының бас сүйегінен ыдыс жасап берген екен әйелге. Күйігіне мына азаптың шыдай алмай байғұс әйел тасқа айналған заматта. Сол тас-әйел өз орнында әлі де тұр қалқайып.

Көшпенділер өте қалса бұл маңнан, аялдайды қалай да. Иіледі тағзым етіп табанына сынтастың. Өйткені көшпенділер әлгі әйелдің аман қалған інісінің ұрпағы ғой тараған. Ұлы Тәңір мына өмірде ажал барын ешбір адам ұмытпасын деп болған жайға араласпай шет қалған...»

Аңыз-ән біткен соң Жошы отырғандарды айнала бір шолып өтті. Қыбыр еткен біреу жоқ, бәрі қалшыып қатқан да қалған. Тек ұры жігіт қана шиыршық атады*. Бірдеңеге алаңдайтын секілді. Бату мына тұтқынға өзінің ептеп бүйрегі бұратынын байқады. Мұндай батылдық екінің бірінің қолынан келмейтіні анық.

Тыныштықты хан сөзі бұзды.

– Әлгі әншіні әкеліңдер осында. Неғылған жан, білейік.

Жолшы шығып кетті де, бір жас қызды ертіп келді. Тобығынан түскен ұзын бұрымы болмаса, бозбала екен деп қалғандайсың. Кигені тері шалбар, аяғында бұлғардың замшы** етігі, үстінде мол тігілген шапан. Қолында тозығы жеткен сары домбыра.

Ішке кіре сала тізерлеп отыра қалып, иіліп ханға тағзым етті.

– Атың кім сенің? – деді Жошы жұмсақ үнмен.

– Атым – Буракчин, руым – алшы...

Осы кезде Ит-Қара қызға ызбарлана жалт қараған еді, Буракчин мүдіріп қалды. Бұрұндай тұтқынға жақтырмай қарап:

– Мынау сенің танысың емес пе? – деді.

– Бұл менің ағам Ит-Қара. – Қыз осыны айтып жылап жіберді. – Жошы хан, жібере гөр оны. Тұтас халықтың тағдырын шешкенде, бір баланың өмірі не тұрады саған.

– Кет бұл жерден...


Орнынан жұлқына көтерілген Ит-Қараны Жолшы бір ұрып сұлатып салды. Қыз өз денесімен ағасын қалқалап шыр етті:

– Тиіспе!

*Шиыршық ату – тықыршу, тыпыршу, дегбірсіздену.

**Замшы – жұмсақ иленген бұлан не бұғы терісі.







Тағы ұрмақ болып қолын көтере берген Жолшы алдындағы еліктің лағындай жәудіреген қыздың көзін көріп тосылып қалды.

– Желіккен жастар жылқы ұрлап, жол торып, елден тыныштық кетті. Ауылымызға күнде қауіп төніп тұрса, біз жорыққа қалай алаңсыз аттанбақпыз?

Әлжидайдың бұл сөзін басқа нояндар қоштап, бас изесіп жатыр. Қыз үміті үзілгендей, екі қолымен бетін басып жылап жіберді.

– Аттанамыз! – Батудың даусы сенімді шықты. – Бұларды да ерте кетеміз.

Отырғандар қозғалақтасып қалды. Тіпті тұтқын жігіт Ит-Қара да елең етті. Буракчин жасын тыйып, көзін сүрте бастады.

– Онда олар қарындастарын ала жүретін шығар, құтқарып қалатын... – деді Жолшы кеңкілдеп.

Оған қосыла үй ішіндегілер де ду күлді. Әсіресе Бұрұндай бар даусымен қарқылдап әбден мәз болды. Ал Ит-Қара ызадан жарылардай. Ол қарындасына қарап:

– Жетер осы масқара қылғаның, кет бұл жерден! – деді ашуланып.

– Кетпеймін.

– Көрсетем мен саған ...

– Жарайды. – Жошының даусы көңілді шықты. Ол Ит-Қараға бұрылып: – Астыңа ат, қолыңа қылыш берсем, бізбен жорыққа жүремісің? – деп ұсыныс тастады.

– Онда атты да, қылышты да жүз-жүзден бер, жолдастарым бар.

– Жақсы, бәрін жүзден береміз.

– Қашан?

– Қолын шеш! – деді хан бұйрығын орындаушы Жолшыға. – Қарындасың әзірге осында қалады. Кочу-қатынға апарып табыстандар, жақсылап тамақтандырсын.

Ит-Қара арқан қиған білегін уқалап үй ортасында әлі тұр. Жошы оған таңырқағандай қарады.

– Сен әлі тұрсың ба? Жүгір, достарыңды жина! Айтқандай, қарындасыңа рақметіңді айтарсың!

Үйдегілер тағы да күле бастағанда, Ит-Қара есікке қарай тұра ұмтылды. Оның артынша үйден Буракчин мен Жолшы да





шықты. Жолшы Ит-Қараға «кейін өзіме қайтарасың» деп, мініп жүрген атын берді. Тұтқын жігіт атқа секіріп мініп, құйғыта жөнелді.

Үлші мен Кочу-қатын ошақ басында ас қамымен жүр еді. Олардың қасына Буракчинді ертіп Жолшы келді.

– Хан мына қызды тамақтандырсын деді.

Осыны айтты да, ол келген ізімен кейін қайтты.

Екі әйел қызды бастан-аяқ шолып шықты. Буракчин шұқшиып жерге қарап үнсіз тұр. Кочу оның қолындағы домбырасына қарап.

– Мана ән салған сен бе? – деп сұрады.

– Иә.

– Даусың әдемі екен, білетін әнің көп пе?

– Екі-үш күн айтсам да, таусылмайды.

– Міне, керек болса! Әндерің де өзің сияқты мұңды ма?

– Жоқ. Көңілді әндерім де бар.

– Бәлі, онда біреуін шырқап жіберші, қане.

Буракчин тартынбады, бір тастың үстіне отыра қалып, шырқай жөнелді. Сол заматта бір топ бала қаумалап, алқа-қотан отыра қалды. Арасынан кейбіреулері таныс әндеріне қосылып та қояды. Кочу-қатын Буракчинге ойлана қарап тұрды да, бір мезетте үйге кіріп кетті. Кідірмей қайта шығып, қызды үйге шақырды.

– Мынаны ки, аналарды тақ, дұрыстап жөнделіп ал.

Гүлді қытай жібегінен тігілген әдемі көйлек шығарып қойыпты. Қасында күміс әшекейлер, айна, опа, далап тұр. Буракчин аң-таң.

– Бұл менің сыйым, салған әнің үшін. Ұялма.

Кочу оған өзі көмектесе бастады. Бір жағынан сөйлеп жүр.

– Қазір ас дайын болады. Соны сен хан ордасына апарасың.





Үйдегілер күлкілерін тыйып, тыныштала бергенде, Бату сөз бастады.

– Егер алдындағы сүйегіне тиіссең, ит те ием екен демейді, тамағыңнан ала түседі. Ал бұл жерде біз аш иттің асыраған иесі де емеспіз. Оны өлтірсең де, қан қақсатып тісін қағып алсаң да, одан келер түк пайда жоқ.

– Сонда не істеуіміз керек? – деп барлай сұрады Жошы.

– Итке кім ас құйса, сол қожайын...

Есіктен кіріп келе жатқан гүлді көйлекті бойжеткенді көріп Бату тосылып қалды. Қыздың қолында табақ толы буы бұрқыраған ет. Бұрала басқан талдырмаш денелі қыз, жүріп емес, қалықтап келе жатқандай. Мынабиязы, жеңіл қимыл әлдебіреуді еске түсіретін секілді. Апыр-ау, түрі де таныс қой. Бірақ қайда көргені Батудың есіне түспеді.

– Сұлу қыз, – деді ол төтесінен, – атың кім сенің?

Қыз әуелі түсінбегендей аңтарыла қарады, сосын күлімсіреп:

– Буракчин... – деп жауап қатты. – Мен манағы Ит-Қара деген аш иттің қарындасымын.

Қыздың нені тұспалдап тұрғанын түсінген Бату сөзден тосылып, қипақтап қалды. Бірақ енді болмаса, өзінің күлкіге ұшырайтынын аңғарып, бойын тез жиды. Қызға қарап байсалды дауыспен:

– Ауылыңда қанша еркек кіндік бар? – деп сұрады.

Буракчин мына сұрақтың астарында күдік бардай сезінді. Секемшіл үнмен:

– Білмеймін, – деді ақырын ғана.

– Қорықпай-ақ қой, – деді Бату даусын жұмсартып. – Біз сенің ауылыңды шаппақ болып отырған жоқпыз.

Күдігі сейілгендей, Буракчиннің даусы енді нық шықты.

– Айттым ғой, білмеймін деп!

Бату тезірек құтылғысы келгендей қолын бір сілтеді.

– Бара бер!

Буракчин манадан қолында тұрған бір табақ етті биязы да паң қимылмен Жошының алдына қойды. Бұрылып шығып бара жатып, босағаға жеткенде, мойнын бұрып Батуға қарап:

– Егер мәміле іздесең, бозөкпе балалармен емес, ақсақалдармен сөйлесу керек, – деді де, жып етіп шығып кетті. Ол кеткеннен кейін Жошы бір қозғалып:





– Мына қыз өз үйінде жүргендей-ау тіпті, тілі шығайын депті, – деді.

– Сөзінің жаны бар. Жастың әдеті емес пе жанжалға әзір тұратын. Тыныштықты расында үлкендер ойлайды. Бұл қыз ақымақ емес.

Әлжидайдың сөзін құптап үй ішіндегілер бас изесіп жатыр. Тек Бату ғана қимылсыз. Ештеңемен жұмысы жоқ. Бір нүктеге қадалып қалшиған да қалған. Жаңағы қыздың талдырмаш денесі, қыпша белі, ақша жүзі, жәудір көзі, қызғалдақтай ерні оның көз алдынан кетер емес.

Кешкі ас үстінде де Бату жұмған аузын ашқан жоқ. Өз ойымен отырған ол айналасындағы көңілді әңгіме-дүкенге елең етпеді. Жұрт ымырт жабылған соң бір-ақ тарасты.

Көктемнің тымық, жылы түні. Бату сыртқа шыққан соң анасының отауына қарай бет алды. Есік алдында біраз адам алаулата от жағып, Буракчинге ән салдырып, тыңдап отыр екен. Батуды көріп қыз әнін доғара қойды.

– Айта бер, мен де тыңдайын, – деп Бату орын тауып жайғасты.

Буракчин үзілген әнін жалғап әкетті. Ән салып отырып анданда жалт етіп Бату жаққа қарап қояды. Бір үзілісте Бату одан:

– Қалай, біздің ауыл ұнай ма? – деп сұрады.

– Иә, ауылдарың әдемі екен.

– Онда қал осында. – Бату айтарын айтса да, демін ішіне тартып тына қалды. Осы кезде әңгімеге Үлші араласты.

– Оң жақта отырған қызды күйеу жоралғысымен барып әкелсең ғана, алып қала аласың.

– Күйеу жоралғысымен бару біздің Батудың қолынан келмей ме немене?

Мұны айтқан Кочу-қатын болатын, өзі тіпті көңілді-ақ. Айнала қоршаған жұрт кеу-кеулеп шуылдап кетті. Бәрінің көзі Батуда. Бату күлімсіреп Буракчинге қарады.

– Расымен-ақ! Буракчин, аламын десем, келісемісің бұған? – Буракчин алақанымен бетін басып күліп жіберді. – Мен шын айттып отырмын, Буракчин.

– Келіседі, келіседі!

Жұрт шу-шу етті.

